

Ғылым мен техниканы дамытуға елеулі үлес қосқан ғалымдар мен мамандарды және талантты жас ғалымдарды мемлекеттік қолдау шаралары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 28 тамыз N 1063. Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 шілдедегі № 830 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 шілдедегі № 830 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2895 Жарлығын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 12, 86-құжат) орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ғылым мен техниканы дамытуға елеулі үлес қосқан ғалымдар мен мамандар үшін әрқайсысы жыл сайын республикалық бюджетте белгіленетін айлық есептік көрсеткіштің 10 еселенген мөлшерінде 75 мемлекеттік ғылыми стипендия және талантты жас ғалымдар үшін - әрқайсысы айлық есептік көрсеткіш көлемінің 7 еселенген мөлшерінде 150 мемлекеттік ғылыми стипендия тағайындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы екі ай мерзімде мемлекеттік ғылыми стипендиялар туралы ережені әзірлесін және Үкіметтің бекітуіне ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылдан бастап республикалық бюджет қаражатын қалыптастыру кезінде мемлекеттік ғылыми стипендияларды төлеуге арнап қаражат көздейтін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

